

Осы Сақтандыру ережесін «Евразия» Сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасының заңнамасы негізінде бір жақты тәртіппен әзірлеген және көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілгін міндетті сақтандыру шартын жасау және орындау тәртібін айқындайды.

МАЗМУНЫ:

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР.
2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТИСІ.
3. АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛГІ МІНДЕТТІ
САҚТАНДЫРУҒА ЖАТАТЫН ТҮЛҒАЛАР.
4. КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫ ИЕЛЕРІНІң ЖАУАПКЕРШІЛГІН МІНДЕТТІ
САҚТАНДЫРУ ШАРТЫ ЖӘНЕ ОНЫ ЖАСАУ ТӘРТІБІ.
5. СТАНДАРТТЫ ШАРТ.
6. КЕШЕНДІ ШАРТ.
7. КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫ ИЕЛЕРІНІң ЖАУАПКЕРШІЛГІН МІНДЕТТІ
САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ.
8. КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫ ИЕЛЕРІНІң ЖАУАПКЕРШІЛГІН МІНДЕТТІ
САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫН ТОҚТАТУ ЖӘНЕ
МЕРЗІМІНЕҢ БҮРҮН ТОҚТАТУ.
9. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫНЫң МӨЛШЕРІ
10. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫНЫң МӨЛШЕРІН АЗАЙТУ
11. САҚТАНДЫРУШЫ ҰСЫНАТЫН ҚОСЫМША ҚЫЗМЕТТЕР.
12. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫН ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ.
13. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ.
14. ЖӘБІРЛЕНУШІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ.
15. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫН ЖӘНЕ КЕЛТІРІЛГЕН ЗИЯННЫң МӨЛШЕРІН
АНЫҚТАУ.
16. КӨЛІК ОҚИФАСЫ БОЛҒАН КЕЗДЕ АДАМДАРДЫң ӨМІРІНЕ, ДЕНСАУЛЫҒЫНА
ЗИЯН КЕЛТІРІЛГЕН ЖӘБІРЛЕНУШІЛЕР БОЛМАҒАН КЕЗДЕГІ ІС-ӘРЕКЕТТЕРІ.
17. САҚТАНДЫРУШЫНЫң ЖАУАПКЕРШІЛГІНІҢ ШЕКТЕРІ.
18. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖУЗЕГЕ АСЫРУ ШАРТТАРЫ.
19. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖУЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ.
20. ТІКЕЛЕЙ РЕТТЕУ.
21. БІРНЕШЕ ТҮЛҒАЛАРҒА ЗИЯН КЕЛТІРІЛГЕН КЕЗДЕГІ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІ.
22. САҚТАНДЫРУШЫНЫ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖУЗЕГЕ АСЫРУДАН БОСАТУ
НЕГІЗДЕМЕЛЕРІ.
23. ЗИЯН КЕЛТІРГЕН ТҮЛҒАҒА КЕРІ ТАЛАП ҚОЮ ҚҰҚЫҒЫ.
24. ДАУЛАРДЫ ҚАРАУ ТӘРТІБІ
25. КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫ ИЕЛЕРІНІң АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛГІН
МІНДЕТТІ САҚТАНДЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ДАУЛАРДЫ РЕТТЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

1-бап. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы Сақтандыру ережесі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 18 желтоқсандағы №126-II «Сақтандыру қызметті туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 01 шілдедегі № 446-II «Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілгін міндетті сақтандыру туралы» Заңына (бұдан әрі - Міндетті сақтандыру туралы Заң) сәйкес әзірленді.



- 2.** Бұдан әрі сақтандыруши деп аталатын «Евразия» Сақтандыру компаниясы акционерлік қоғамы осы Сақтандыру ережесінің шарттарында көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттарын жасайды.
- 3.** Осы Сақтандыру ережесі көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандырудың тәртібі мен шарттарын айқындайды.
- 4.** Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру (бұдан әрі - міндетті сақтандыру) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру арқылы көлік құралдарын пайдалану нәтижесінде өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиян келтірілген үшінші тұлғалардың мүліктік мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету мақсатын көздейді.
- 5.** Сақтандыру ережесінде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:
- 1) сақтандыру омбудсманы – «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Занына сәйкес сақтандыру нарығына қатысушылар арасындағы келіспеушіліктерді реттеуді жүзеге асыратын, өз қызметінде тәуелсіз жеке тұлға;
 - 2) «бонус-малус» жүйесі – көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша төленуге жататын сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін есептеу кезінде тиісті сыныпты бере отырып, сақтанушының (сақтандырылуышының) кінәсінен онда сақтандыру жағдайларының болуына немесе болмауына қарай сақтанушыға (сақтандырылуушыға) арттыратын немесе төмендететін коэффициенттерді қолдану арқылы пайдаланылатын жеңілдіктер мен ұстемеақылар жүйесі;
 - 3) жәбірленуші - көлік құралын пайдалану нәтижесінде өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиян келтірілген, оны өтеу жөніндегі міндет Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көлік құралының иесі ретінде сақтанушыға (сақтандырылуушыға) жүктелген тұлға;
 - 4) жолаушы – тасымалдаушымен ауызша немесе жазбаша нысанда тасымалдау шартын жасасқан жеке тұлға;
 - 5) кешенді шарт – сақтандыру полисінде көрсетілген екі және одан да көп көлік құралы бірлігінің иесі болып табылатын жеке тұлғамен жасалатын және бір ғана сақтандырылуши жеке тұлғаға қатысты қолданылатын көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты;
 - 6) көлік құралы иесінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі – жеке және заңды тұлғалардың жоғары қауіптілік көзі ретінде көлік құралын пайдалану нәтижесінде үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген өтеу міндеті;
 - 7) көлік құралын пайдалану – көлік құралдарын жолмен журу, сондай-ақ жайластырылып немесе ыңғайластырылып оларға іргелес салынған және көлік құралдарының қозғалысына пайдаланылатын аумақтарда журу үшін пайдалану;
 - 8) көлік құралының иесі – көлік құралын меншік құқығымен, шаруашылық жүргізу құқығымен немесе жедел басқару құқығымен не кез келген басқа да заңды негізде (мүліктік жалдау шартымен, құзыретті органның көлік құралын беру туралы өкіміне орай және басқаша) иеленетін жеке немесе заңды тұлға;
 - 9) көлік оқиғасы – көлік құралын пайдалану процесінде және оның қатысуынан туындаған оқиға (оның ішінде жол-көлік оқиғасы), сондай-ақ көлік құралынан ажырап кеткен бөлшектер мен ондағы жүктің қозғалысы нәтижесінде үшінші тұлғаларға келтірілген зиян;



- 10) пайда алушы – осы Заңға сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға;
- 11) сақтандыру жағдайы – басталуына орай сақтандыру шарты сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін оқиға;
- 12) сақтандыру сомасы – сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы;
- 13) сақтандыру сыйлықақысы – сақтанушы сақтандырушыға соңғысы сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде сақтанушыға (пайда алушыға) сақтандыру төлемін жасауға міндеттемелер қабылдағаны үшін төлеуге міндетті ақша сомасы;
- 14) сақтандыру төлемі – сақтандырушы (пайда алушыға) сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру сомасы шегінде төлейтін ақша сомасы;
- 15) сақтандырушы – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен, Қазақстан Республикасының аумағында сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия алған, сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушыға немесе пайдасына шарт жасалған өзге тұлғаға (пайда алушыға) шартта айқындалған сома (сақтандыру сомасы) шегінде сақтандыру төлемін жасауға міндетті занды тұлға;
- 16) сақтандырылуышы – өзіне қатысты сақтандыру жүзеге асырылатын тұлға;
- 17) сақтанушы – сақтандырушымен сақтандыру шартын жасасқан тұлға. Егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтанушы бір мезгілде сақтандырылуышы болып табылады;
- 18) стандартты шарт – сақтандыру полисінде көрсетілген көлік құралының иесі болып табылатын жеке немесе занды тұлғамен жасалатын және бір немесе бірнеше сақтандырылуышы тұлғаға қатысты қолданылатын көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты;
- 19) тікелей реттеу – көлік оқиғасында жәбірленушінің өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды жәбірленушімен көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасқан сақтандырушы осы Заңда көзделген жауапкершілік көлемі шегінде өтеуді жүзеге асыратын сақтандыру жағдайын реттеу тетігі.

2-бап. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТИСІ

Сақтандырылуышы тұлғаның Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарында белгіленген, жоғары қауіптілік көзі ретіндегі көлік құралын пайдалану нәтижесінде үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды өтеу міндетіне байланысты мүліктік мүддесі көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру (бұдан әрі - көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру) объектісі болып табылады.

3-бап. АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ МІНДЕТТІ САҚТАНДЫРЫЛУҒА ЖАТАТАНЫ ТҮЛҒАЛАР

1. Мынадай көлік құралдары:



- 1) жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның бөлімшелерінде тіркелген (мемлекеттік тіркеуге жататын) женіл, жұқ автомобилдері, автобустар, шағын автобустар және олардың негізінде жасалған көлік құралдары, мотокөлік пен олардың тіркемелері (жартылай тіркемелері), сондай-ақ трамвайлар мен троллейбустар;
- 2) Қазақстан Республикасының аумағына уақытша енген (әкелінген) көлік құралы;
- 3) осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген, жасаушы ұйымдардан, жөндеу және сауда ұйымдарынан, кедендік бақылау органдарынан тіркеу орнына өз бетінше жүргізіліп әкелінетін, сондай-ақ жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның бөлімшесі көлік иесінің тұрғылықты жерінің өзгеруіне немесе меншік құқығының өзгеруіне байланысты тіркеуден шығарған көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі міндетті сақтандырылуға жатады.
2. Көлік құралы иесінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі өзі пайдаланатын көлік құралының әр бірлігі бойынша сақтандырылуға жатады.
3. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты, басқа мемлекетте тіркелген, иесі осы мемлекет пен Қазақстан Республикасының арасында жасалған халықаралық шарттың талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасында танылатын көлік құралдары иелері жауапкершілігін сақтандыру шартын жасаған көлік құралы Қазақстан Республикасының аумағына енген жағдайда жасалмайды.
4. Көлік құралы Қазақстан Республикасының аумағы бойынша халықаралық қозғалыста деп есептелетін жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының заннамасына сәйкес жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның бөлімшелерінде мемлекеттік тіркеуге және есепке алуға жатпайтын (трамвайлар мен троллейбустарды қоспағанда) көлік құралдарының иелері көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасаспайды.
5. Өзінің қызметтік немесе еңбек міндеттерін атқаруына орай, оның ішінде көлік құралының иесімен еңбек немесе өзге де шарт жасасу негізінде не мәміленің жазбаша нысанын ресімдемей, көлік құралы иесінің ерік білдіруі негізінде оның қатысуымен көлік құралын жүргізуі адамның азаматтық-құқықтық жауапкершілігі міндетті сақтандырылуға жатпайды.

4-бап. КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫ ИЕЛЕРИНІҢ ЖАУАПКЕРШІЛГІН МІНДЕТТІ САҚТАНДЫРУ ШАРТЫ ЖӘНЕ ОНЫ ЖАСАСУ ТӘРТІБІ

1. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру осы Сақтандыру ережелеріне сәйкес сақтанушы мен сақтандырушының арасында жасалатын шарт негізінде жүзеге асырылады.
2. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында мүліктің тауарлық құнының жоғалтылуын, сондай-ақ жәбірленушінің тауарларды жеткізуіндің немесе жұмыстарды жүргізуіндің (қызметтер көрсетудің) мерзімдерін, оның келісім-шарттар (шарттар) бойынша өзге де міндеттемелерді бұзыуна байланысты тұрақсыздық айыбын өтеуді қоса алғанда, жәбірленушінің моральдық зиянын және ала алмаған пайдасын өтеуді есептемегендеге, жәбірленушінің өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиян келтіру салдарынан туындаған міндеттемелер бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыру көзделеді.
3. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеуге міндеттенеді, ал сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде пайда алушыға осы Сақтандыру ережелерінде белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндеттенеді.



4. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттары мынадай түрлерге бөлінеді:
- 1) стандартты;
 - 2) кешенді.
5. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты сақтандырушиның сақтандыру полисін электрондық нысанда ресімдеуі арқылы жасалады.
- Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу үшін сақтандыру сыйлықақысын есептеу және сақтанушыны, сақтандырылушины сәйкестендіру үшін қажетті деректерді қамтитын сақтанушының өтініші негіз болып табылады.
6. Сақтанушының қалауы бойынша көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты сақтандырушиға жүгіну не сақтанушы мен сақтандырушы арасында электрондық ақпараттық ресурстар алмасу арқылы жасалуы мүмкін.
7. Сақтандыру полисінен өзгерістер мен толықтырулар енгізуге жол берілмейді.
8. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді жеке тұлға біржолғы төлеммен жүргізеді.
9. Егер сақтандырушы көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын сақтанушының (сақтандырылушиның) немесе жәбірленушінің жағдайын осы міндетті сақтандыру туралы Занда көзделгенмен салыстырғанда нашарлататын талаптармен жасасса, онда сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушы сақтанушының (сақтандырылушиның) және жәбірленушінің алдында осы Занда белгіленген талаптар бойынша міндеттемелер атқарады.

5-бап. СТАНДАРТТЫ ШАРТ

1. Стандартты шарт бойынша бір немесе бірнеше көлік иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі сақтандырылуы мүмкін.
2. Стандартты шарт пайдаланылатын көлік құралының әрбір бірлігіне жасалады.
3. Сақтандыру полисінде сақтанушы (сақтандырылушы, сақтандырылушылар) және пайдаланылатын көлік құралы туралы мәліметтер болуға тиіс.
4. Стандартты шарт бойынша сақтанушының (сақтандырылушиның) азаматтық-құқықтық жауапкершілігі сақтанушының (сақтандырылушиның) өзінің үшінші тұлғаларға зиян келтіруі салдарынан не:
 - 1) көлік құралын оны жүргізуге құқылы адам сақтанушының (сақтандырылушиның) қатысуымен жүргізген;
 - 2) адам көлік құралын сақтанушымен (сақтандырушымен) жазбаша нысанда ресімделген енбек шарты немесе өзге де шарт негізінде жүргізген;
 - 3) көлік құралын заңсыз иеленген адам, егер келтірілген зиян үшін жауапкершілік сақтанушыға (сақтандырылушиға) жүктелсе, көлік құралын жүргізген жағдайда туындаса, сақтандырылған деп есептелінеді.

6-бап. КЕШЕНДІ ШАРТ



Евразия
СТРАХОВАЯ КОМПАНИЯ

**КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫ ИЕЛЕРІНІң АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ
ЖАУАПКЕРШІЛГІН МІНДЕТТІ САҚТАНДЫРУ
ЕРЕЖЕСІ**

1. Кешенді шарт бойынша екі және одан да көп көлік құралы бірлігінің иесі болып табылатын жеке тұлғаның азаматтық-құқықтық жауапкершілігі сақтандырылуы мүмкін.
2. Кешенді шарт пайдаланылатын көлік құралының әрбір бірлігіне жасалады.
3. Сақтандыру полисінде сақтанушы (сақтандырылуышы) - жеке тұлға және ол пайдаланатын көлік құралдары туралы мәліметтер болуға тиіс.
4. Кешенді шарт бойынша сақтанушының (сақтандырылуышының) азаматтық-құқықтық жауапкершілігі сақтанушының (сақтандырылуышының) өзінің үшінші тұлғаларға зиян келтіруі салдарынан не:
 - 1) көлік құралын оны жүргізуге құқылы адам сақтанушының (сақтандырылуышының) қатысуымен жүргізген;
 - 2) көлік құралын заңға қайшы иеленген адам, егер келтірілген зиян үшін жауапкершілік сақтанушыға (сақтандырылуышыға) жүктелсе, көлік құралын жүргізген жағдайда туындаса, сақтандырылған деп есептелінеді.

7-бап. КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫ ИЕЛЕРІНІң ЖАУАПКЕРШІЛГІН МІНДЕТТІ САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫң ҚОЛДАНЫЛУЫ

1. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты осы Заңға сәйкес жәбірленуші деп танылған, оның ішінде зиян келтіруге кінәлі болып табылған сақтанушының (сақтандырылуышының) көлік құралында болған барлық адамдарға қатысты қолданылады, оған мыналар:
 - 1) осы көлік құралын сақтанушымен (сақтандырылуышымен) қызметтік немесе еңбек міндеттерін атқаруға орай, оның ішінде көлік құралының иесімен еңбек немесе өзге де шарт негізінде не сақтанушының (сақтандырылуышының) ерік білдіруі негізінде, мәміленің жазбаша нысанын ресімдемей, оның қатысуымен жүргізген адам;
 - 2) егер сақтанушы (сақтандырылушы) тасымалдаушы болып табылса, оған Қазақстан Республикасы заң актісінің тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруды регламенттейтін талабы қолданылса, жолаушылар;
 - 3) егер Қазақстан Республикасының заң актілерімен сақтанушыға (сақтандырылуышыға) жұмыс беруші ретінде қызметкердің еңбек (қызмет) міндеттерін орындауды кезінде оны жазатайым оқиғалардан сақтандыру міндеті жүктелсе, сақтанушының (сақтандырылуышының) қызметкерлері кірмейді.
2. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында белгіленген күннен бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады.
3. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты күшіне енген күннен бастап он екі ай мерзімге жасасылады. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты жеке немесе заңды тұлғада көлік құралын иелену құқығы туындаған кезден бастап, бірақ осы көлік құралы жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі үәкілдегі органның бөлімшелерінде мемлекеттік тіркелген (қайта тіркелген) кезден бастап он жұмыс күннінен кешіктірілмей жасалуға тиіс.



Евразия
СТРАХОВАЯ КОМПАНИЯ

**КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫ ИЕЛЕРІНІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІН МІНДЕТТІ САҚТАНДЫРУ
ЕРЕЖЕСІ**

- 4.** Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын осы баптың 3-тармағында көзделгеннен өзгеше мерзімге:
- 1) көлік құралын маусымдық, бірақ кемінде алты ай пайдаланған кезде;
 - 2) мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру жүйесіне қатысушы сақтандыру ұйымының кредиторларымен (сақтанушыларымен);
 - 3) осы Сақтандыру ережелерінің 3-бабы 1-тармағының 3) тармақшасында көзделген жағдайларда, көлік құралының мемлекеттік тіркелуінің алдындағы мерзімге, бірақ кемінде күнтізбелік бес күнге;
 - 4) көлік құралы Қазақстан Республикасының аумағына уақытша кірген жағдайда уақытша кірген бүкіл кезеңге, бірақ кемінде күнтізбелік бес күнге жасасуға жол беріледі.
- 5.** Көлік құралы Қазақстан Республикасының аумағына уақытша кірген жағдайда көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты уақытша кірудің бүкіл кезеңіне, бірақ кемінде күнтізбелік бес күнге жасалады.
- 6.** Егер Қазақстан Республикасы жасасқан халықаралық шартта өзгеше көзделмесе, көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының қолданылуы Қазақстан Республикасының аумағымен шектеледі.

8-бап. КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫ ИЕЛЕРІНІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІН МІНДЕТТІ САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫң ҚОЛДАНЫСЫН ТОҚТАТУ ЖӘНЕ МЕРЗІМІНЕН БҮРЫН ТОҚТАТУ

- 1.** Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты мынадай жағдайларда тоқтатылды деп есептеледі:
 - 1) шарттың қолданылу мерзімі өткен;
 - 2) шарттың мерзімінен бұрын тоқтатылуы;
- 2.** Сақтандыру төлемін жүзеге асыру кезінде сақтандыруши бір жұмыс күні ішінде сақтанушыға және деректер қорын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымға көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының қолданылуын тоқтату туралы хабарлайды.
- 3.** Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады.
- 4.** Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату үшін сақтанушы (сақтанушы қайтыс болған жағдайда – оның мұрагері (мұрагерлері) сақтандырушиға жазбаша өтініш береді).
- 5.** Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату және осы сақтандырушимен жаңадан көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу кезінде сақтандырушиның мына формула бойынша есептелген сақтандыру сыйлықақысының бөлігін ұстап қалуға құқығы бар:
ССБ = СС* n/N , мұнда:
ССБ - сақтандыруши ұстап қалатын сақтандыру сыйлықақысының мөлшері (теңгемен);
СС - көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша төленген сақтандыру сыйлықақысының мөлшері (теңгемен);



н - көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты күшіне енген кезден бастап өтініш берілген күнді қоса алғанда, оны мерзімінен бұрын тоқтатқан кезге дейінгі мерзім (күнмен);

Н - көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының жасалған мерзімі (күнмен).

6. Осы баптың 3-тармағында көзделген талап сақталмаған кезде сақтандырушының көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін мынадай мөлшерлерде ұстап қалуға құқығы бар:

№ р/с	Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты күшіне енген кезден бастап оны мерзімінен бұрын тоқтатқан кезге дейін өткен мерзім	Сақтандырушы ұстап қалатын сақтандыру сыйлықақысының мөлшері (сақтандыру сыйлықақысынан пайызбен)
1	2	3
1.	15 күнге дейін қоса алғанда	15
2.	16 күннен 1 айға дейін қоса алғанда	20
3.	1 айдан 2 айға дейін қоса алғанда	30
4.	2 айдан 3 айға дейін қоса алғанда	40
5.	3 айдан 4 айға дейін қоса алғанда	50
6.	4 айдан 5 айға дейін қоса алғанда	60
7.	5 айдан 6 айға дейін қоса алғанда	70
8.	6 айдан 7 айға дейін қоса алғанда	75
9.	7 айдан 8 айға дейін қоса алғанда	80
10.	8 айдан 9 айға дейін қоса алғанда	85
11.	9 айдан 10 айға дейін қоса алғанда	90
12.	10 айдан 11 айға дейін қоса алғанда	95
13.	11 айдан астам	100

9-бап. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫНЫҢ МӨЛШЕРІ

1. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасқан кезде төленуге тиіс жылдық сақтандыру сыйлықақысын есептеу үшін базалық сақтандыру сыйлықақысы пайдаланылады, оған көлік құралының тіркелген жеріне, көлік құралының түріне, сақтанушының (сақтандырылуышының) жасына және жүргізу стажына, көлік құралының пайдаланылу мерзіміне, азаматтық-құқықтық жауапкершілігі сақтандырылған адамдардың кінесінен сақтандыру жағдайларының болуына немесе болмауына қарай («бонус-малус» жүйесі) осы баптың 3-10-тармақтарында белгіленген коэффициенттер қолданылады.

Осы Занда көзделмеген өзге негіздер бойынша сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін азайтуға немесе ұлғайтуға жол берілмейді.

2. Базалық сақтандыру сыйлықақысы 1,9 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде белгіленеді.

3. Көлік құралын тіркеу аумағы бойынша коэффициенттер мынадай мөлшерде белгіленеді:



№ р/с	Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың атауы	Көлік құралын тіркеу аумағы бойынша коэффициент мөлшері (астана, республикалық және облыстық маңызы бар қалалар үшін)
1	2	3
1.	Алматы облысы	1,78
2.	Түркістан облысы	1,01
3.	Шығыс Қазақстан облысы	1,96
4.	Костанай облысы	1,95
5.	Қарағанды облысы	1,39
6.	Солтүстік Қазақстан облысы	1,33
7.	Ақмола облысы	1,32
8.	Павлодар облысы	1,63
9.	Жамбыл облысы	1,00
10.	Ақтөбе облысы	1,35
11.	Батыс Қазақстан облысы	1,17
12.	Қызылорда облысы	1,09
13.	Атырау облысы	2,69
14.	Маңғыстау облысы	1,15
15.	Алматы	2,96
16.	Астана	2,2

4. Осы баптың 3-тармағында көрсетілген облыстардағы өзге де қалалар мен елді мекендер үшін жылдық сақтандыру сыйлықақысын есептеу үшін 0,8 мөлшеріндегі түзету коэффициенті қосымша пайдаланылады.

5. Көлік құралы Қазақстан Республикасының аумағына уақытша келген жағдайда, тіркеу аумағы бойынша 4,4 мөлшеріндегі коэффициент қолданылады.

Осы Ережелердің 3-бабы 1-тармағының 3) тармақшасында көзделген жағдайларға көлік құралын тіркеу аумағы бойынша коэффициенттер қолданылмайды.

6. Көлік құралының түрі бойынша коэффициенттер мынадай мөлшерде белгіленеді:

№ р/с	Көлік құралының түрі	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің нормативтік құқықтық актісіне сәйкес жіктеу	Көлік құралының түрі бойынша коэффициент мөлшері
1	2	3	4
1.	Женіл автомобилдер	«В» - толық массасы 3500 кг аспайтын және жүргізушінің отыратын орынан басқа отыратын орындарының саны 8-ден аспайтын автомобилдер	2,09
2.	Жолаушылар орны қоса алғанда 16-ға дейінгі автобустар	«Д» - жолаушыларды тасымалдауға арналған және жүргізуі отыратын орыннан басқа, 8-ден астам отыратын орны бар автомобилдер	3,26



Евразия
СТРАХОВАЯ КОМПАНИЯ

**КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫ ИЕЛЕРІНІҢ АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ
ЖАУАПКЕРШІЛГІН МІНДЕТТІ САҚТАНДЫРУ
ЕРЕЖЕСІ**

3.	Жолаушылар орны 16-дан артық автобустар	«Д» - жолаушыларды тасымалдауға арналған және жүргізуши отыратын орыннан басқа, 8-ден астам отыратын орны бар автомобильдер	3,45
4.	Жүк автомобильдері	«С» - толық массасы 3500 кг асатын жүк автомобильдері	3,98
5.	Троллейбустар, трамвайлар	Троллейбустар, трамвайлар	2,33
6.	Мотокөлік	«А» - мотоциклдер, мотороллерлер және басқа мотокөлік құралдары	1,00
7.	Тіркемелер (жартылай тіркемелер)	«Е» - көлік құралдарының «В», «С» немесе «Д» санаттарына жататын сүйреуіштері бар көлік құралдарының құрамдары	1,00

7. Жеке тұлғалар үшін жасына және жүргізу стажына қарай коэффициент мөлшері мынадай мөлшерде белгіленеді:

№ п/с	Жасы және жүргізу стажы	Жасына және жүргізу стажына қарай коэффициент мөлшері
1	2	3
1.	25 жасқа толмаған/жүргізу стажы 2 жылдан аз	1,10
2.	25 жасқа толмаған/жүргізу стажы 2 жылдан астам	1,05
3.	25 жас және одан үлкен/жүргізу стажы 2 жылдан аз	1,05
4.	25 жас және одан үлкен/жүргізу стажы 2 жылдан астам	1,00

8. Заңды тұлғалар үшін осы баптың 7-тармағында көзделген коэффициент 1,2 мөлшерінде белгіленеді.

9. Көлік құралының пайдаланылу мерзіміне қарай коэффициенттер мынадай мөлшерде белгіленеді:

№ п/с	Көлік құралының пайдаланылу мерзімі	Көлік құралының пайдаланылу мерзіміне қарай коэффициент мөлшері
1	2	3
1.	7 жылға дейін, қоса алғанда	1,00
2.	7 жылдан жоғары	1,10

10. «Бонус-малус» жүйесі бойынша коэффициентті есептеу және қолдану тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалады:



Сақтандыру мерзімінің басталуы кезіндегі класы	Коэффициент мөлшері	Сақтанушының (сақтандырылушиның) кінәсінен сақтандыру жағдайларының болуын ескере отырып, сақтандыру мерзімі аяқталғаннан кейінгі класс				
		0 сақтандыру жағдайы	1 сақтандыру жағдайы	2 сақтандыру жағдайлары	3 сақтандыру жағдайлары	4 және одан көп сақтандыру жағдайлары
1	2	3	4	5	6	7
Класс M	2,45	0	M	M	M	M
Класс 0	2,30	1	M	M	M	M
Класс 1	1,55	2	M	M	M	M
Класс 2	1,40	3	1	M	M	M
Класс 3	1,00	4	1	M	M	M
Класс 4	0,95	5	2	1	M	M
Класс 5	0,90	6	3	1	M	M
Класс 6	0,85	7	4	2	M	M
Класс 7	0,80	8	4	2	M	M
Класс 8	0,75	9	5	2	M	M
Класс 9	0,70	10	5	2	1	M
Класс 10	0,65	11	6	3	1	M
Класс 11	0,60	12	6	3	1	M
Класс 12	0,55	13	6	3	1	M
Класс 13	0,50	13	7	3	1	M

Сақтанушыға (сақтандырылушиға) берілетін «бонус-малус» жүйесі бойынша класти есептеу жыл сайын уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде көзделген тәртіппен жүргізіледі.

11. Сақтандырушы деректер қорынан алған сақтанушыға (сақтандырылушиға) берілген класс туралы ақпаратты қамтитын сақтандыру есебі сақтандырушының «бонус-малус» жүйесі бойынша коэффициенттерді қолдануы үшін негіз болып табылады.

Деректер базасында сақтанушы (сақтандырылуши) туралы ақпарат болмаған жағдайда сақтандырушы көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жаңа мерзімге жасасқан кезде сақтанушы көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандырудың алдыңғы шартының түпнұсқасын ұсынған кезде осы баптың 10-тармағында келтірілген кестеге сәйкес төмендегу коэффициентін қолданады.

Сақтандырушы көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасқан күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей бұл туралы дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымды және уәкілетті органды хабардар етуге міндетті.

12. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасқан кезде сақтанушыға алғаш рет 3-класс беріледі.

13. Осы баптың 10-тармағында көзделген коэффициенттер осы Сақтандыру ережелерінің 5 және 6-баптарының 4-тармақтарында көзделген жағдайларда азаматтық-құқықтық жауапкершілігі басталған жеке тұлғаларға және заңды тұлғаларға қолданылмайды.



14. Қазақстан Республикасының аумағына уақытша келген жағдайларды қоспағанда, көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты он екі айдан аз мерзімге жасалған кезде, көлік құралының бірлігіне сақтандыру сыйлықақысының мөлшері мынадай формула бойынша есептеледі:

СС = ЖСС* n/N, мұнда:

СС - он екі айдан аз мерзімге жасалған көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысының мөлшері (тенгемен);

ЖСС – жылдық сақтандыру сыйлықақысының мөлшері (тенгемен);

n - көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу мерзімі (күнмен);

N – 365 күн (кібісе жылы 366 күн).

Қазақстан Республикасының аумағына уақытша келген жағдайда, көлік құралының бірлігіне сақтандыру сыйлықақысының мөлшері мынадай формула бойынша есептеледі:

СС = ЖСС * K, мұнда:

СС – Қазақстан Республикасының аумағына уақытша келген жағдайда, он екі айдан аз мерзімге жасалған көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысының мөлшері (тенгемен);

K – осы баптың 15-тармағында көрсетілген, Қазақстан Республикасының аумағында болу мерзіміне байланысты түзету коэффициенті.

15. Қазақстан Республикасының аумағына уақытша келу кезеңіне көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасау кезінде мынадай коэффициенттер белгіленеді:

№ р/с	Шет мемлекеттерде тіркелген және Қазақстан Республикасының аумағында уақытша пайдаланылатын көлік құралдары иелерінің азаматтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруды жүзеге асыру кезіндегі сақтандыру мерзімі	Коэффициент
1	15 күнге дейін (қоса алғанда)	0,2
2	16 күннен 1 айға дейін	0,3
3	2 ай	0,4
4	3 ай	0,5
5	4 ай	0,6
6	5 ай	0,65
7	6 ай	0,7
8	7 ай	0,8
9	8 ай	0,9
10	9 ай	0,95
11	10 ай және одан да көп	1

16. Кешенді сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысы көлік құралының бір бірлігі үшін төленеді, бұл ретте сақтандыру сыйлықақысының мөлшері сақтандыру полисінде көрсетілген көлік құралдары үшін белгіленген сақтандыру сыйлықақылары мөлшерінің ең көп шамасына тең болып белгіленеді.

17. Стандартты шарт бойынша сақтандыру сыйлықақысы әр сақтандырылуши бойынша есептеледі және әр сақтандырылуши бойынша есептелген сақтандыру сыйлықақылары мөлшерінің ең көп шамасына тең мөлшерде сақтанушының төлеуіне жатады.

10-бап. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫЛАРЫНЫҢ МӨЛШЕРИН АЗАЙТУ

10-бап. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫЛАРЫНЫҢ МӨЛШЕРИН АЗАЙТУ



1. Көлік құралдарының иелері – Ұлы Отан соғысына қатысушылар және женілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысына қатысушыларға тенестірілген адамдар, басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері, I және II топтардағы мүгедектігі бар адамдар, зейнеткерлер стандартты шарт жасасқан кезде осы Сақтандыру ережелерінің 9-бабына сәйкес есептелген, төленуге жататын сақтандыру сыйлықақысының елу пайызы мөлшерінде сақтандыру сыйлықақыларын төлейді.

Егер көлік құралын осы тармақтың бірінші бөлігінде аталған адамдар санатына жатпайтын басқа иелер де пайдаланатын болса, онда көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру мүндай жеңілдік берілмей жүзеге асырылады.

2. Сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып, көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты жасалған жағдайда сақтандырушының қалауы бойынша сақтанушыға осы Ережелердің 9-бабына сәйкес есептелген төленуге жататын сақтандыру сыйлықақысының он пайызынан аспайтын мөлшерде женілдік берілуі мүмкін.

Бұл ретте көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында сақтандыру сыйлықақысының жалпы сомасы және шегерім ескерілген сақтандыру сыйлықақысының сомасы (бар болса) бір мезгілде көрсетілуге тиіс.

Бұл ретте көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында сақтандыру сыйлықақысының жалпы сомасы және шегерім ескерілген сақтандыру сыйлықақысының сомасы (бар болса) бір мезгілде көрсетілуге тиіс.

11-бап. САҚТАНДЫРУШЫ КӨРСЕТЕТІН ҚОСЫМША ҚЫЗМЕТТЕР

Сақтандыруши сақтанушының келісімі болған кезде сақтанушыға (сақтандырылушкиға) зақымдалған көлік құралын жөндеу уақытында көлік құралын беруді, сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды жинау бойынша қызмет көрсетуді, сақтанушыға көмек көрсету үшін сақтандыруши өкілінің (авария комиссарының) көлік оқиғасы орнына баруын қоса алғанда, көлік оқиғасы жағдайында көмек көрсетумен байланысты қосымша ақылы қызмет көрсетуге құқылы.

12-бап. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫН ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ

1. Егер көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандыру сыйлықақысын заңды тұлға бір жолғы төлем болып табылатын сақтанушы төлейді. Егер сақтанушы жеке тұлға болып табылса, оларға сақтандыру сыйлықақысы біржолғы төленеді.

2. Сақтандыруши көлік құралы иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында сақтандыру сыйлықақысын мерзімін ұзартып төлеуді көздеуге құқылы. Бұл ретте сақтандыруши көлік құралы иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының барлық қолданылу мерзімі ішінде сақтанушы алдында жауапты болады. Сақтанушының кезекті сақтандыру жарнасын төлемеуі сақтандыруши үшін көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатуға негіз болып табылмайды.

3. Сақтандыруши сақтандыру сыйлықақысын сақтандырушының интернет-ресурсы арқылы қолма-қол ақшасыз тәсілмен төлеу мүмкіндігін береді.



4. Кезекті сақтандыру жарнасы уақтылы төленбеген кезде сақтанушы сақтандырушыға Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 353-бабында белгіленген тәртіппен және мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.

13-бап. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРИ

1. Сақтанушы құқылы:

- 1) сақтандырушыдан көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандырудың талаптарын, көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша өзінің құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;
- 2) дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымнан ол бойынша мәліметтерді дерекқорға енгізу міндеттіне кіретін сақтанушы сақтандырушымен жасасқан көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты туралы мәліметтердің дерекқорда болуы туралы ақпаратты сұратуға. Бұл құқық сақтандырылуышыға да қолданылады;
- 3) сақтандырушы жүргізген зиянның және сақтандырушы жүзеге асырған сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындау нәтижелерімен танысуға;
- 4) көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатуға;
- 5) көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындаитын мәселелерді реттеу үшін осы Сақтандыру ережелерінің 25-бабында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, сақтандырушыға не сақтандыру омбудсманына немесе сотқа жүгінуге;
- 6) өтінішті және қоса берілген құжаттарды сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, оның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не сақтандырушы, оның ішінде оның филиалы, өкілдігі арқылы) жіберуге;
- 7) осы Сақтандыру ережесінде көзделген жағдайларда сақтандыру төлемін алуға құқылы.

2. Сақтанушы міндетті:

- 1) көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу кезінде сақтандырушыға өзі, сақтандыру полисіне енгізілетін әрбір сақтандырылуши, көлік құралы (құралдары), қосарланған сақтандыру, көлік құралын маусымдық пайдалану, Қазақстан Республикасының аумағына уақытша келу және сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін азайтуға берілген құқық туралы мәліметтерді және өтінішке енгізу үшін қажетті өзге де мәліметтерді және өтініште көрсетілген мәліметтерді растайтын құжаттардың көшірмелерін осы Сақтандыру ережелерінде көзделген тәртіппен ұсынуға;
- 2) сақтандыру сыйлықақыларын көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде төлеуге;
- 3) көлік оқиғасының басталғаны туралы өзіне белгілі болғаннан бастап дереу, бірақ бес жұмыс күнінен кешіктірмей, бұл туралы көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасқан сақтандырушыны жазбаша нысанда (қолма-кол не электрондық ақпараттық ресурстар алмасу арқылы) хабардар етуге міндетті. Сақтанушы мен сақтандырылуши сол бір тұлға болып табылмайтын жағдайларда, онда сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабар беру жөніндегі міндет сақтандырылуышыға жүктеледі. Егер сақтанушының (сақтандырылуышының) дәлелді себептермен көрсетілген әрекеттерді орындау мүмкіндігі болмаса, ол мұны құжаттармен растауға тиіс;



- 4) көлік оқиғасын жасаған кезде жәбірленушілерге және жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның қызметкерлеріне көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасқан сақтандыруышының атауын хабарлауға;
- 5) көлік оқиғасы болған кезде ықтимал шығындарды болдырмау немесе азайту үшін қалыптасқан мән-жайларға ақылға қонымды және қолдан келетін шараларды, оның ішінде зардап шеккен адамдардың мүлкін құтқару және оларға көмек көрсету шараларын қолдануға;
- 6) көлік оқиғасы және зардап шеккен адамдар туралы тиісті органдар мен ұйымдарға олардың құзыретіне қарай (жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның бөлімшелеріне, мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарына, жедел медициналық жәрдем қызметіне, авариялық қызметтерге) хабарлауға;
- 7) көлік оқиғасы жасалған кезде кідіріссіз, бірақ уәкілетті лауазымды тұлғаның жазбаша жолдамасын алған кезден бастап екі сағаттан кешіктірмей, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес психикаға белсенді әсер ететін затты тұтыну фактісін және мас күйін анықтау үшін медициналық куәландырудан өтуге;
- 8) сақтандыру жағдайының басталған туралы сақтандыруышыға хабарлаған күннен бастап дереу, бірақ екі жұмыс күнінен кешіктірмей бұл туралы жәбірленушіге хабарлауға;
- 9) сақтандыру жағдайының басталуына жауапты адамға кері талап қою құқығының сақтандыруышыға өтуін қамтамасыз етуге міндетті.

Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында сақтанушының Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін өзге де міндеттері көзделуі мүмкін.

3. Сақтанушының осы баптың 2-тармағы бірінші бөлігінің 4), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген міндеттері көлік оқиғасы болған кезде көлік құралын тікелей жүргізген адамға жүктеледі.

4. Сақтандыруши құқылы:

- 1) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген мәліметтерден басқа, көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу кезінде сақтанушыдан осы Сақтандыру ережелеріне сәйкес көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартына енгізу үшін қажетті мәліметтерді, оның ішінде көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандырудың алдыңғы шарттары, сақтандыру шарттары және сақтандыру төлемдері туралы ақпаратты ұсынуды талап етуге;
- 2) тиісті мемлекеттік органдар мен ұйымдардан олардың құзыретіне қарай сақтандыру жағдайының басталу фактісін және жәбірленушіге келтірілген зиянның мөлшерін растайтын құжаттарды сұратуға;
- 3) көлік оқиғасының себептерін және өзге де мән-жайларын анықтауға;
- 4) осы Сақтандыру ережелерінің 23-бабында көзделген жағдайларда, зиян келтіргені үшін жауапты тұлғаға, кері талап қоюға;
- 5) осы Сақтандыру ережелерінің 22-бабында көзделген негіздер бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырудан, сондай-ақ келтірілген зиянды өтеуден осы Сақтандыру ережелерінің 20-бабында көзделген тәртіппен толық немесе ішінара бас тартуға құқылы. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында сақтандыруышының Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарына қайшы келмейтін басқа да құқықтары көзделуі мүмкін.



5. Сақтандыруши міндетті:

- 1) сақтанушыны (сақтандырылушкины) көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру талаптарымен, оның ішінде көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындастын таралтардың құқықтарымен және міндеттерімен таныстыруға;
- 2) көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасқаннан кейін сақтанушыға (сақтандырылушкиға) сақтандыру полисін ресімдеуге;
- 3) осы Сақтандыру ережелерінің **10**-бабында аталған адамдарға сақтандыру сыйлықақыларын төлеу жөнінде жеңілдік жасауға;
- 4) көлік оқиғасы туралы хабарлама алған кезде оны дереу тіркеуге;
- 5) жәбірленушінің немесе жәбірленушінің қайтыс болуына байланысты зиянды өтетуге Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес құқығы бар тұлғаның жазбаша өтінішін алған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде, сақтандыру жағдайын растайтын құжат болған кезде көлік оқиғасына кінәлі болып табылатын сақтанушының көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасуы туралы мәліметтерді (сақтанушының тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), көлік құралын мемлекеттік тіркеу нөмірі, нөмірі және жасалған күні) жазбаша ұсынуға;
- 6) осы Заңда белгіленген мерзімдерде және тәртіппен, сақтанушының (сақтандырылушкиның) не жәбірленушінің (пайда алушының) немесе олардың өкілдерінің мүлікке келтірілген зиянның мөлшерін айқындау туралы өтініші бойынша мүлікке келтірілген зиянның мөлшеріне есептеу жүргізуге және зиянның мөлшері туралы есепті пайда алушыға танысу үшін ұсынуға;
- 7) сақтандыру жағдайының басталу фактісін және сақтандыруши өтеуге тиісті зиянның мөлшерін растайтын құжаттар жеткіліксіз болған кезде, оларды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жетіспейтін және (немесе) дұрыс ресімделмеген құжаттардың толық тізбесін көрсете отырып, бұл туралы өтініш берушіге хабарлауға;
- 8) сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемін осы Сақтандыру ережелерінде белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде жасауға;
- 9) осы Сақтандыру ережелерінің 20-бабында көзделген тәртіппен келтірілген зиянды өтеу туралы талаппен жазбаша нысанда өтініш жасалған кезде, осы Сақтандыру ережелерінде белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде келтірілген зиянның өтемін жүргізуғе;
- 10) сақтанушыдан (жәбірленушіден, пайда алушыдан) көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындаған дауды қарауға өтініш алған кезде бес жұмыс күні ішінде сақтанушының (жәбірленушінің, пайда алушының) талаптарын қарауға және дауды одан әрі реттеу тәртібін көрсете отырып, жазбаша жауап беруге;
- 11) сақтанушыдан (жәбірленушіден, пайда алушыдан) сақтандыру омбудсманына жіберілетін өтінішті алған кезде осы өтінішті, сондай-ақ оған қоса берілетін құжаттарды алынған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде сақтандыру омбудсманына қайта жіберуге;
- 12) сақтанушыға (сақтандырылушкиға) олардың сақтандыру жағдайы кезінде шығындарды болдырмау немесе азайту мақсатымен жұмсаған шығыстарын өтеуге;



13) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге міндettі.

Көлік құралдары иелерінің жауапкершілгін міндettі сақтандыру шартында сақтандырушының Қазақстан Республикасының зандарына қайшы келмейтін өзге де міндettterі көзделуи мүмкін.

14-бап. ЖӘБІРЛЕНУШІНІҚ ҚҰҚЫҚТАРЫ

1. Жәбірленуші құқылы:

- 1) болуы салдарынан сақтанушы (сақтандырылуши) өзіне зиян келтірген көлік оқиғасы туралы сақтандырушыға хабарлауға;
 - 2) сақтанушының (сақтандырылушиның) орнына сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды жинауға және оларды сақтандырушыға табыс етуге;
 - 3) кез келген медициналық мекеменің қызметін пайдалануға;
 - 4) сақтандырушы жүргізген, келтірілген зиян мөлшерлерін айқындаудың және сақтандыру төлемінің нәтижелерімен танысуға;
 - 5) жәбірленушінің өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиян келтірілуіне кінәлі тұлғаның сақтандырушысына осы Сақтандыру ережелерінің 13-бабы 5тармағының 5-тармақшасында көзделген тәртіппен осы тұлғаның көлік құралдары иелерінің жауапкершілгін міндettі сақтандыру шартының бар екендігі туралы мәліметтерді (сақтанушының тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын күәландыратын құжатта көрсетілген болса), көлік құралын мемлекеттік тіркеу нөмірі, нөмірі және жасалған күні) растау туралы жазбаша өтініш жасауға;
 - 6) сақтандыру жағдайын растайтын құжат болған кезде дереккорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымға жәбірленушінің өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиян келтірілуіне кінәлі тұлғаның көлік құралдары иелерінің жауапкершілгін міндettі сақтандыру шартының бар не жоқ екендігі туралы мәліметтерді (сақтанушының тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын күәландыратын құжатта көрсетілген болса), көлік құралын мемлекеттік тіркеу нөмірі, нөмірі және жасалған күні) ұсыну туралы жазбаша өтініш жасауға;
 - 7) осы Сақтандыру ережелерінің 20-бабында көзделген тәртіппен сақтандыру төлемін алуға, сондай-ақ келтірілген зиянды өтетуге;
 - 8) көлік құралдары иелерінің жауапкершілгін міндettі сақтандыру шартынан туындаитын мәселелерді реттеу үшін осы Сақтандыру ережелерінің 25-бабында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып сақтандырушыға не сақтандыру омбудсманына немесе сотқа жүгінуге;
 - 9) өтінішті және қоса берілетін құжаттарды сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, оның ішінде оның интернет-ресурсы не сақтандырушы, оның филиалы, өкілдігі арқылы) жіберуге.
 - 10) көлік құралының иесіне келтірілген зиянды келтірілген зиян сомасының алынған сақтандыру төлемі сомасынан асатын мөлшерде өтеуі туралы талап қоюға құқылы.
- 2. Осы Сақтандыру ережелерінде көзделген жағдайларда жәбірленушінің осы баптың 1-тармағында белгіленген құқықтары пайда алушы ретінде әрекет жасаушы өзге тұлғаларға өтеді.**

15-бап. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫН ЖӘНЕ КЕЛТІРІЛГЕН ЗИЯННЫҢ МӨЛШЕРІН АЙҚЫНДАУ.



1. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында көрсетілген, сақтандырылған көлік құралын пайдалануы нәтижесінде жәбірленуші деп танылған адамдардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды өтеу бойынша сақтандырылуышының азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің басталу фактісі сақтандыру жағдайы деп танылады.
2. Жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянның мөлшері тиісті ұйымдар берген құжаттар негізінде осы Сақтандыру ережелеріне сәйкес айқындалады.
3. Мүлікке келтірілген зиянның мөлшерін айқындауды сақтандырушы уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген нысан бойынша зиянның мөлшерін айқындау туралы өтініштің негізінде он жұмыс күні ішінде жүргізеді. Көлік құралына келтірілген зиянның мөлшерін айқындауды сақтандырушы уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісіне сәйкес жүзеге асырады. Мүлкіне зиян келтірілген пайда алушы осы мүлікті көлік оқиғасынан кейін болған жағдайда, сақтандырушыға немесе сақтанушыға (сақтандырылуышыға) зиянның мөлшерін айқындау туралы өтініш бергенге дейін сақтауға, сондай-ақ көрсетілген өтініш берілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде сақтандырушыға бүлінген мүлікті қарап-тексеруді жүргізуге мүмкіндік беруге міндетті.
4. Егер сақтандырушы осы баптың 3-тармағының бірінші бөлігінде белгіленген мерзімде келтірілген зиянның мөлшерін айқындаамаса, онда сақтанушы (сақтандырылған) не жәбірленуші (пайда алушы) немесе олардың өкілдері бағалаушының қызметтерін пайдаланып, мүлікті қалпына келтіруді (кәдеге жаратуды) бастай алады. Сақтанушы (сақтандырылуышы) не жәбірленуші (пайда алушы) немесе олардың өкілдері шеккен бағалаушының қызметтеріне жұмсалған шығындарды сақтандыру төлемін қарамастан сақтандырушы өтеуге тиіс.

Бағалаушы көлік құралына келтірілген зиянның мөлшерін айқындауды уәкілетті органның осы баптың 3-тармағының екінші бөлігінде көрсетілген нормативтік құқықтық актісіне сәйкес жүзеге асырады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген жағдайда, бағалаушы жүргізген, көлік құралына келтірілген зиянның мөлшерін айқындау нәтижесін сақтандырушы жәбірленушіге (пайда алушыға) немесе оның өкіліне сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қабылдайды.

5. Сақтандырушы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісіне сәйкес айқындалған зиян мөлшерінде сақтандыру төлемін жүзеге асырады.
6. Сақтандырушы пайда алушыға тиесілі сақтандыру төлемінен зиян мөлшерін айқындауға байланысты меншікті шығыстарды ұстап қалуға құқылы емес.
7. Сақтандыру жағдайын қасақана жасау, сондай-ақ сақтандыру төлемін заңсыз алуға бағытталған өзге де алайқтық әрекеттер Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне сәйкес жауаптылыққа алып келеді.

16-бап. ӨМІРІНЕ, ДЕНСАУЛЫҒЫНА ЗИЯН КЕЛТІРІЛГЕН ЖӘБІРЛЕНУШІЛЕР БОЛМАҒАН ЖАҒДАЙДА КӨЛІК ОҚИҒАСЫ БАСТАЛҒАН КЕЗДЕГІ ТҮЛҒАЛАРДЫҢ ІС-ӘРЕКЕТТЕРИ

Көлік оқиғасы жасалған кезде өміріне, денсаулығына зиян келтірілген жәбірленушілер болмаған жағдайда, оның қатысушылары мүмкіндік болған кезде орын алған көлік оқиғасы туралы сақтандырушыларды хабардар етуге тиіс.



Сақтандырушылар өз өкілдерін көлік оқиғасы болған орынға жіберуге құқылы.

Көлік оқиғасына қатысушылар болған мән-жайды бағалауға және болжамды мөлшері елу айлық есептік көрсеткіштен аспауға тиіс мүлікке келтірілген зиянның мөлшеріне өзара келісе отырып, оқиғаның схемасын өз бетінше жасауға және оған қол қойып, оны ресімдеу үшін жақын постқа немесе ішкі істер органдарының бөлімшелеріне баруға құқылы.

Көлік оқиғасының схемасын жасау тәртібі мен үлгі нысандары үәкілдегі органмен келісім бойынша Қазақстан Республикасы Ишкі істер министрлігінің нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

17-бап. САҚТАНДЫРУШЫНЫҢ ЖАУАПТЫЛЫҚ ШЕКТЕРІ.

1. Бір сақтандыру жағдайы (сақтандыру сомасы) бойынша сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемі мынаны құрайды (айлық есептік көрсеткішпен):

1) әрбір жәбірленушінің өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиян үшін және ол мыналарға алып келсе:

қаза табуға - 2 000;

мүгедектіктің:

I тобы белгіленсе - 1 600,

II тобы белгіленсе - 1 200,

III тобы белгіленсе - 500; мүгедектігі бар балаға - 1 000;

мертігүге, жарақаттануға немесе денсаулықтың мүгедектік белгіленбеген өзге де зақымдануына – амбулаториялық және (немесе) стационарлық емделуге іс жүзіндегі шығыстар мөлшерінде, бірақ 300-ден аспауға;

2) бір жәбірленушінің мүлкіне келтірілген зиян үшін - келтірілген зиян мөлшерінде, бірақ 600-ден көп емес;

3) бір мезгілде екі және одан да көп жәбірленушінің мүлкіне келтірілген зиян үшін - келтірілген зиян мөлшерінде, бірақ әрбір жәбірленушіге 600-ден көп емес. Бұл ретте сақтандыру төлемдерінің жалпы мөлшері барлық жәбірленушіге 2000-нан аспауға тиіс. Зиян мөлшері сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемінен асқан жағдайда сақтандыру төлемі әрбір жәбірленушіге оның мүлкіне келтірілген зиянға мөлшерлес дәрежеде жүзеге асырылады.

2. Қаза болуына немесе мүгедектік белгіленуіне әкеп соққан, жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін сақтандыру төлемі осы баптың 1-тармағында белгіленген сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемінің мөлшерінде жүзеге асырылады.

3. Сақтандыру төлемінің мөлшерін есептеу үшін Қазақстан Республикасының заң актісіне сәйкес белгіленген сақтандыру төлемі жүзеге асырылған күнгі айлық есептік көрсеткіш пайдаланылады.

4. Сақтанушының (сақтандырылушының) залалдарды болғызбау немесе азайту мақсатында шеккен шығыстары, егер мұндай шығыстар қажетті болса немесе сақтандырушының нұсқауларын орындау үшін жұмсалса, егер тиісті шаралар тіпті сәтсіз болса да сақтандырушының өтеуіне жатады.

Мұндай шығыстар накты мөлшерде өтеледі, бұл ретте сақтандыру төлемінің және шығыстар өтемақысының жалпы сомасы көлік құралы иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында белгіленген жауапкершіліктің шекті көлемінен аспауға тиіс. Егер шығыстар сақтанушының сақтандырушы нұсқауларын орындауды нәтижесінде туындаған болса, олар жауапкершіліктің шекті көлеміне қатыссыз, толық мөлшерде өтеледі.



Көрсетілген шығыстарды сақтандыруши тікелей шеккен тұлғаға өтейді.

5. Келтірілген зиянды толығымен өтеу үшін жауапкершіліктің шекті көлемі жетпеген кезде сақтанушы жәбірленушіге сақтандыру сомасы мен зиянның нақты мөлшері арасындағы айырманы өтейді.

6. Жәбірленуші қайтыс болған жағдайда сақтандыруши жәбірленушіні жерлеген адамға жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жерлеу шығыстарын өтейді.

18-бап. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ШАРТТАРЫ.

1. Сақтандырушыға сақтандыру төлемі туралы талапты сақтанушы (сақтандырылған) немесе пайда алушы болып табылатын өзге тұлға тұрғылықты жері, пайда алушының Байланыс телефондары, банк деректемелері (қажет болған жағдайда), сақтандыру төлемін алу тәртібі - қолма-қол ақшамен не сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды қоса бере отырып, банк шотына аудару арқылы жазбаша нысанда ұсынады. Өтініш берушінің қалауы бойынша сақтандыру төлемі туралы талап сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды қоса бере отырып, электрондық нысанда электрондық көшірмелер немесе электрондық құжаттар түрінде жіберілуі мүмкін. Бұл ретте электрондық нысанда сақтандыру төлемі туралы талап өтініш берушіні сақтандырушының орналасқан жері бойынша құжаттардың түпнұсқаларын сақтандырушыға ұсынудан босатпайды.

2. Сақтандыру төлемі туралы өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

- 1) сақтандыру жағдайының басталу фактісін және жәбірленушілерге келтірілген зиянның мөлшерін растайтын құжат;
- 2) жәбірленушінің өміріне, денсаулығына зиян келтіру фактісі болған жағдайда жәбірленушінің еңбекке уақытша қабілетсіздігінің мерзімі туралы денсаулық сақтау ұйымдары анықтамасының немесе мүгедектік белгіленген жағдайда мамандандырылған мекемелердің жәбірленушіге мүгедектік белгілеу туралы анықтамасының көшірмесі;
- 3) жәбірленушінің қайтыс болғаны туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 4) пайда алушының зиянды өтеттіру құқығын растайтын құжат (көшірмесі);
- 5) осы Сақтандыру ережесінің 15-бабының 3-тармағында көзделген жағдайда зиянның мөлшерін айқындау туралы өтініш;
- 6) пайда алушының жеке басы куәлігінің көшірмесі (жеке тұлға үшін) немесе занды тұлғаның өкіліне берілген сенімхаттың түпнұсқасы;
- 7) сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушының (сақтандырылушының) шығынды болдырмау немесе азайту мақсатында шеккен шығыстарын растайтын құжаттар, олар болған кезде;

Сақтандырушының сақтанушыдан (сақтандырылушыдан) не жәбірленушіден қосымша құжаттарды және (немесе) ақпараттық жүйелер мен сервистер арқылы қолжетімді құжаттарды талап етуіне жол берілмейді.

3. Құжаттарды қабылдаған сақтандыруши өтініш беруші ұсынған құжаттардың толық тізбесін және оларды қабылдау күнін көрсете отырып, анықтаманы екі данада жасауға міндетті.

Сақтанушы (сақтандырылушы, пайда алушы) сақтандыру төлемі туралы өтінішін электрондық тәсілмен жөнелткен жағдайда, сақтандыруши оған осы анықтаманы электрондық нысанда ұсынуы мүмкін.



Өтініш беруші сақтандырушиға өзі келіп өтініш жасаған кезде анықтаманың бір данасы өтініш берушіге беріледі, өтініш берушінің оны алғаны туралы белгі қойылған екінші данасы сақтандырушида қалады.

4. Жәбірленуші (ол қайтыс болған жағдайда - жәбірленушінің қайтыс болуына байланысты Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес зиянды өтеттірге құқылы адам), сондай-ақ сақтандыруши (сақтандырылуши) немесе жәбірленушіге (зиянды өтеттірге құқылы адамға) келтірілген зиянды осы Занда белгіленген сақтандыруши жауапкершілігінің көлемі шегінде өтеуші және сақтандыру төлеміне құқық алған өзге де тұлға пайда алушы болып табылады.

Мұлікке зиян келтірілген жағдайда осы мүліктің меншік иесі, ал ол қайтыс болған жағдайда зиянды өтеттірге құқығы бар адамдар жәбірленуші болып танылады.

5. Жәбірленушінің жазбаша ресімделген өтініші немесе нотариат куәландырған сенімхаты бойынша сақтандыру төлемі тікелей оның денсаулығын және (немесе) мүлкін қалпына келтіру жөнінде қызмет көрсеткен (көрсетуші) тұлғаға жүзеге асырылуы мүмкін.

6. Жәбірленушінің өміріне және денсаулығына келтірілген зиян үшін сақтандыру төлемі оған (зиянды өтеттірге құқылы адамдарға) басқа сақтандыру шарттары бойынша тиесілі сомаға қатыссыз жүзеге асырылады.

7. Сақтандыру төлемі жүзеге асырылған кезде сақтандырушиның пайда алушыдан оның сақтандырушиға талап қою құқығын шектейтін шарттар қабылдауын талап етуге құқығы жоқ.

8. Сақтандыруши осы мүліктің сақтандыру жағдайы басталған күнгі нарықтық құны мөлшеріндегі сақтандыру төлемін жүзеге асырған жағдайда, оның мүлікті және мүліктің қалдықтарын алуға құқығы бар.

9. Сақтандыруши жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына зиян келтіру фактісі болмаған кезде, сақтандыру төлемін ішкі істер органдары берген оқиғаның схемасы бар жол жүрісі қағидаларының бұзылғаны туралы хаттама негізінде жүзеге асыруға құқылы.

19-бап. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ

1. Сақтандыруши сақтандыру төлемін осы Сақтандыру ережелерінің 18-бабында көзделген құжаттарды алған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде төлейді.

2. Бірнеше жәбірленушінің мүлкіне зиян келтірілген жағдайда, сақтандыруши барлық жәбірленушілердің құжаттарын алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде, бірақ басқа сақтандырылғандардың құжаттарды беруіне қарамастан, сақтандырушиға бірінші болып құжаттарын берген жәбірленушіден құжаттар алған күннен бастап күнтізбелік 15 күннен кешіктірмей сақтандыру төлемін бастауға міндетті.

3. Егер сақтандыру жағдайының басталуына әкеп соққан оқиғаның нәтижесінде жәбірленушінің денсаулығы нашарлап кетсе (мүгедектік не мүгедектіктің негұрлым жоғары тобы белгіленсө) не қайтыс болса, онда сақтандыруши жәбірленушіден (пайда алушыдан) келіп түскен өтініштің және тиісті құжаттардың негізінде, сақтандыру төлемінің сомасына осы Сақтандыру ережелерінде белгіленген тәртіппен және мөлшерде қайта есептеу жүргізуге міндетті. Бұл ретте сақтандыру төлемінің сомасын қайта есептеу кезінде бұрын төленген сомалар есепке алынады.

4. Сақтандыру төлемі уақтылы жүзеге асырылмаған кезде сақтандыруши пайда алушыға Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 353-бабында белгіленген тәртіппен және мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.



20-бап. ТІКЕЛЕЙ РЕТТЕУ

1. Сақтандыру жағдайы басталған кезде жәбірленуші немесе Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жәбірленушінің қайтыс болуына байланысты зиянды өтетуге құқығы бар адам келтірілген зиянды өтеу үшін көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша жәбірленушінің жауапкершілігін сақтандырған сақтандырушуға жүгінуге құқылы, кінәсінен сақтандыру жағдайы орын алған түлғада көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартыны болуы шартымен. Зиян келтірілген мүліктің меншік иесі болып табылмайтын жәбірленуші сақтандыру жағдайы оның кінәсінен болған түлғаның сақтандырушуына Міндетті сақтандыру туралы заңда көзделген тәртіппен жүгінеді.
2. Сақтандыруши осы Сақтандыру ережелерінің 18-бабы 2-тармағының 1)-7) тармақшаларында көзделген құжаттарды алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде келтірілген зиянды өтейді.
- Тікелей реттеу шенберінде сақтандырушу жүзеге асыратын жәбірленушінің өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды өтеу ол үшін жәбірленушімен жасасқан көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты және сақтандыру төлемі бойынша міндеттемелердің орындалуы болып табылмайды.
3. Кінәсінен сақтандыру жағдайы туындаған адамның сақтандыру компаниясы сақтандыру жағдайын реттеген сақтандырушуға нақты төлеген сомасын өтеп береді.
4. Тікелей реттеуді жүзеге асыру тәртібі мен шарттары осы Заңда және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді.

21-бап. БІРНЕШЕ ТҮЛГА ЗИЯН КЕЛТІРГЕН КЕЗДЕГІ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІ

Тұлғаға иелерінде көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттары бар бірнеше көлік құралдары зиян келтірген кезде пайда алушы сақтандыру төлемін олардың әрқайсысынан жеке-жеке алуға құқылы. Әрбір сақтандырушу сақтандыру төлемін осы Заңда белгіленген жауапкершілік көлемі шегінде және сақтанушы жауапкершілігіне тең мөлшерде жүзеге асырады. Бұл ретте барлық сақтандырушулар жасаған сақтандыру төлемінің жалпы сомасы жәбірленушіге келтірілген нақты зиян мөлшерінен және әрбір сақтандыруши үшін көзделген жауапкершіліктің шекті көлемінен аспауға тиіс.

22-бап. САҚТАНДЫРУШЫНЫ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖУЗЕГЕ АСЫРУДАН БОСАТУ НЕГІЗДЕРІ

1. Сақтандыруши, егер сақтандыру жағдайы:
 - 1) қажетті қорғану және аса қажеттілік жағдайда жасалған іс-әрекеттерді қоспағанда, пайда алушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына септігін тигізетін қасақана іс-әрекеттері;



2) пайда алушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себептік байланыстағы қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған әрекеттері салдарынан болса, сақтандыру төлемін толық немесе ішінара төлеуден бас тартуға құқылы.

2. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуы үшін сондай-ақ:

- 1) пайда алушының шығынның тиісті өтемін шығын келтіруге кінәлі тұлғадан алуы;
- 2) сақтанушының (сақтандырылушының) көлік құралын жарыстарда, сынақтарда немесе жүргізуді үйретуге арнайы лайықталған орындарда оқыту кезінде пайдалануы;
- 3) көлік құралын тиесінде зиян келтіру;
- 4) жәбірленушінің мұлқіне ақша, бағалы қағаздар, алтын, күмістен жасалған бұйымдар, құнды заттар, әсемдік бұйымдар, өнер туындылары немесе басқа да құндылықтар түрінде зиян келтіру;
- 5) жәбірленушінің осы Сақтандыру ережелерінің 15-бабы 3-тармағы үшінші бөлігінің талаптарын бұзыу негіз болуы мүмкін.

3. Сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту үшін негіздер болған кезде сақтандырушы өтініш пен осы Сақтандыру ережесінің 18-бабының 2-тармағында көзделген барлық құжаттарды алған қүннен бастап жеті жұмыс күні ішінде өтініш берушіге бас тарту себептерін дәлелді негіздей отырып, сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара бас тарту туралы тиісті шешімді жазбаша нысанда жіберуге міндетті.

4. Сақтандыруши, егер сақтандыру жағдайы:

- 1) ядролық жарылыстың, радиацияның немесе радиоактивтік улану әсерінің;
- 2) соғыс қымылдарының;
- 3) азамат соғысының, түрлі сипаттағы халық толқуларының, жаппай тәртіпсіздіктердің немесе ереуілдердің салдарынан басталса, сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады.

5. Сақтандыру төлемі сақтандыру полисінде көрсетілген зақымдалған көлік құралы үшін төленбейді.

6. Сақтандырушының осы бапта көзделмеген негіздер бойынша сақтандыру төлемінен бас тартуға құқығы жок.

23-бап. ЗИЯН КЕЛТІРГЕН ТҰЛҒАҒА КЕРІ ТАЛАП ҚОЮ ҚҰҚЫҒЫ

1. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған сақтандыруши сақтанушыға (сақтандырылушыға) төленген сома шегінде мынадай жағдайларда, егер:

- 1) сақтанушының (сақтандырылушының) азаматтық-құқықтық жауапкершілігі оның, қажетті қорғану және аса қажеттілік жағдайында жасалған іс-әрекеттерін қоспағанда, сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына септігін тигізетін қасақана іс-әрекеттері салдарынан басталса;
- 2) сақтанушының (сақтандырылушының) азаматтық-құқықтық жауапкершілігі оның көлік құралын алкогольге, есірткіге немесе уытқұмарлыққа мас болып жүргізуі салдарынан басталса;
- 3) көлік құралын жүргізуі адамның көлік оқиғасы жасалған кезде оны жүргізуге құқығы болмаса;



- 4) соттың істі талқылауы барысында сақтандыру жағдайы көлік құралының техникалық ақауы салдарынан болғаны, олар туралы сақтанушының (сақтандырылуышының) білгені немесе білуге тиісті екені анықталса;
- 5) көлік құралы оның техникалық сипатына сай емес мақсаттарға пайдаланылса;
- 6) сақтанушы (сақтандырылуышы) сақтандыру жағдайынан болатын шығындарды азайту жөніндегі шараларды қасақана қолданбаса;
- 7) көлік құралын жүргізуші адам өзі қатысушысы болған көлік оқиғасы болған жерден кетіп қалса;
- 8) көлік құралын жүргізген және психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтыну фактісін және мас күйін анықтау үшін медициналық куәландыруға жіберілген тұлға дәлелсіз себептермен мұндай куәландырудан өтпесе, кері талап қоюға құқылы.
- 2.** Егер осы баптың 1-тармағында санамаланған жағдайларда келтірілген зиянға кінәлі адам көлік құралын оның иесімен еңбек қатынастарына орай немесе оның иесінің қатысуымен мәміленің жазбаша нысанын ресімдемей пайдаланса, онда сақтандырушының осы көлік құралының иесіне кері талап қоюға құқығы бар.
- 3.** Сақтанушының (сақтандырылуышының) сақтандыруши сақтандыру нәтижесінде өтеген шығындар үшін жауапты адамға кері талап қою құқығы сақтандыру төлемін жүзеге асырған сақтандырушыға ол төлеген сома шегінде ауысады. Бұл ретте, егер сақтандыру жағдайы автомобиль жолдарының және олардың бойындағы ғимараттардың қанагаттанғысыз күтімінен туындаған жол жағдайы себептерінен болғаны анықталса, көлік құралы иесінің осында жағдайлар жасауға кінәлі тұлғага талап қою құқығы сақтандыру төлемін жүзеге асырған сақтандырушыға ауысады.

24-бап. ДАУЛАРДЫ ҚАРАУДЫҢ ТӘРТІБІ

1. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындаитын даулар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қаралады.

25-бап. КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫ ИЕЛЕРИНІҢ АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛГІН МІНДЕТТІ САҚТАНДЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ДАУЛАРДЫ РЕТТЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.

1. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындаитын дау болған кезде сақтанушы (жәбірленуші, пайда алушы) жазбаша нысанда: талаптарын көрсетіп және өзінің талабын растайтын құжаттарды қоса бере отырып, өтінішін сақтандырушыға (оның ішінде сақтандырушының филиалы, өкілдігі, өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшесі, интернет-ресурсы арқылы) жіберуге не «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындаитын дауларды реттеу үшін өтінішін сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, оның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не сақтандыруши арқылы, оның ішінде оның филиалы, өкілдігі, өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшесі, интернет-ресурсы арқылы) немесе сотқа жіберуге құқылы.

2. Сақтандырушы сақтанушыдан (жәбірленушіден, пайда алушыдан) өтінішті алған кезде бес жұмыс күні ішінде қарайды және дауды реттеудің одан кейінгі тәртібін көрсете отырып жазбаша жауап береді.



Евразия
СТРАХОВАЯ КОМПАНИЯ

**КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫ ИЕЛЕРІНІҢ АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ
ЖАУАПКЕРШІЛГІН МІНДЕТТІ САҚТАНДЫРУ
ЕРЕЖЕСІ**

3. Сақтанушы (жәбірленуші, пайда алушы) сақтандыру омбудсманына өтініш жасаған жағдайда, сақтандырушы сақтанушының, жәбірленушінің (пайда алушының), сақтандыру омбудсманының сұрау салуы бойынша дауды қарауға және шешуге қатысты құжаттарды сұрау салу алынған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде ұсынуға міндетті.
4. Сақтанушы мен сақтандырушы арасында Сақтандыру шарттын жасау кезінде:
 - 1) сақтандыру объектісі болып табылатын белгілі бір мүлік не өзге де мүліктік мүдде туралы;
 - 2) басталған жағдайда сақтандыру (сақтандыру жағдайы) жүзеге асырылатын оқиғаның сипаты туралы;
 - 3) сақтандыру сомасының мөлшері туралы;
 - 4) шарттың қолданылу мерзімі туралы келісімге қол жеткізілуі тиіс.